

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1999 жылғы 6 мамыр N 377.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Z952529\_ конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 21, 124-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 78-құжат; 1999 жылы 16 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" конституциялық заң күші бар жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" 1999 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Тақырыбы мен кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы  
Қазақстан Республикасының Парламенті және оның  
депутаттарының мәртебесі туралы

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламентін ұйымдастыруды және оның қызметін, оның депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді."

2. 3-баптағы, 10-баптың 3-тармағының 4) тармақшасындағы, 25-баптың 2-тармағының 13) тармақшасындағы, 26-баптың 4-тармағындағы, 33-баптың 1-тармағындағы, 40-баптағы "осы Жарлықпен", "осы Жарлыққа", "осы Жарлықта", "осы Жарлықтың", "осы Жарлықты", "Осы Жарлық" деген сөздер тиісінше "осы Конституциялы заңмен", "осы Конституциялық заңға", "осы Конституциялық заңда", "осы Конституциялық заңның", "Осы Конституциялық заңды", "Осы Конституциялық заң" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. Кезекті сайланған Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі сайланған Парламенттің бірінші

сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады. Бұл орайда Парламент сайланымының кезектілігі Мәжіліс сайланымының кезектілігімен айқындалады. Парламенттің өкілеттік мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалады."

4. 4-бапта:

2-тармақтағы "әр екі жыл" деген сөздер "әр үш жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Парламент" деген сөз "Сенат" деген сөзбен ауыстырылсын, "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мәжіліс жетпіс жеті депутаттан тұрады. Алпыс жеті депутат Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және сайлаушылар саны шамамен тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдердің негізінде сайланады."

5. 13-баптың 1-тармағындағы", сондай-ақ заңдарды күшіне енгізу мәселелері жөніндегі Парламенттің нормативтік қаулылары" деген сөздер алып тасталсын.

6. 24-баптың 3-тармағындағы "Парламент депутатының өкілеттігі тоқтатылған немесе мерзімі аяқталған жағдайда оның бұрынғы жұмысын (қызметін) сақтауға немесе нақ сондай жұмыс (қызмет) тауып беруге кепілдік берілмейді." деген сөйлем алып тасталсын.

7. 30-бапта:

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "тек қана өз" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Парламенттің депутатына оның өкілеттік мерзімі аяқталған соң, сондай-ақ ол отставкаға кеткен немесе Парламент таратылған жағдайда және ол жұмысқа орналасқан немесе зейнеткерлік жасқа жеткен кезге дейін ай сайын орташа айлық жалақысы мөлшерінде, бірақ өкілеттігі

тоқтатылған немесе отставкаға кету туралы өтініш қанағаттандырылған күннен бастап үш айдан аспайтын уақыт жәрдемақы төленеді."

8. 39-баптың 5-тармағындағы "Үкімет Аппаратының" деген сөздер

"Премьер-Министрі Кеңсесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК